

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Педагогика және психология негіздері**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Келешекте орындалатын істің ойда бекуі

- A) түрткі
- B) тоқтамға келу
- C) шешім
- D) қалау
- E) тілек

2. Бұрқ етіп қатты көрінетін эмоция

- A) апатия
- B) депрессия
- C) иллюзия
- D) аффект
- E) стресс

3. Дидактикалық қабілет

- A) оқушының ішкі дүниесін тани білу
- B) пән саласына сәйкестік
- C) оқушылармен қарым-қатынас жасай алу
- D) тіл арқылы ішкі сезімін білдіру
- E) міндеттерді шешудің тиімді жолын табу

4. Психология ғылымының тұңғыш дүниеге келген жері

- A) Греция
- B) Қытай
- C) Италия
- D) Ресей
- E) Жапония

5. Баланың жетілуіне септігін тигізетін ұғым

- A) білім беру
- B) қалыптастыру
- C) дамыту
- D) оқыту
- E) тәрбиелеу

6. Жасөспірімдік кезеңге тән негізгі морфофункционалдық өзгеру

- A) жыныстық жетілу
- B) рухани жетілу
- C) дене бітімінің жетілуі
- D) қабілеттің дамуы
- E) тұлғалық даму

7. Мидың сол жақ бөлігі зақымданып, адамның сөйлей алмау жағдайына душар болатын құбылыс

- A) афазия
- B) гипербола
- C) синезтезия
- D) апперцепция
- E) адаптация

8. Заттардың көзге түспейтін ерекшеліктерін байқап алу

- A) байқағыштық
- B) елестету
- C) апперцепция
- D) иллюзия
- E) депрессия

9. Жеке тұлғаның қарапайымдылық, сынға алу, эгоистік белгілері жеке тұлғаның \_\_\_\_\_ қатынасын сипаттайды

- A) өз-өзіне
- B) іс-әрекетке
- C) қоғам алдында
- D) әлеуметтік ортаға
- E) адамдарға

10. Сезім мүшелерінің әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделу құбылысы

- A) адаптация
- B) сенсбилизация
- C) синестезия
- D) кинестезиялық түйсіктер
- E) апперцепция

11. Баланың іс-әрекетін мақсатты ұйымдастыру жағдайында жеке адамның дамуын зерттейтін тарау

- A) психологиядағы тұлға мәселесі
- B) іс-әрекеттің психологиялық теориясы
- C) тұлға қасиеттері
- D) мінез психологиясы
- E) жас ерекшелік психологиясы

12. Адамды мақсатты, жүйелі зерттеудің эмпирикалық әдісі

- A) бақылау
- B) әңгімелесу
- C) сауалнама
- D) жинақтау
- E) тестілеу

13. Педагог пен оқушының өзара арақатынас мәселелерін зерттейді

- A) педагогикалық психология
- B) оқыту психологиясы
- C) эксперименталды психология
- D) медициналық психология
- E) практикалық психология

14. Алғаш рет ойлау процесіне тәжірибе жүргізген психолог

- A) А.Бине
- B) В.Вундт
- C) Ч.Спирмен
- D) З.Фрейд
- E) Ж.Аймауытов

15. Көру қабілеті нашар дамыған балалармен оқытуды ұйымдастыратын педагогиканың саласы

- A) тифлопедагогика
- B) арнайы педагогика
- C) логопедия
- D) дефектология
- E) сурдопедагогика

16. Баланың жас және дара ерекшеліктерін анықтаған

- A) Ж.Руссо, А.Дистерверг
- B) В.А.Сластенин
- C) Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин
- D) Н.Д.Хмель, К.Д.Ушинский
- E) А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов

17. Конструктивті қабілет дегеніміз

- A) оқу және тәрбие міндеттерін шешудің тиімді жолдарын іздестіру
- B) тіл арқылы өз ойын айту
- C) оқушылармен қалыпты дұрыс қарым-қатынас жасау
- D) сабақты тиімді қабылдауға оқушыларды әзірлеу
- E) кәсіби әдептілік сақтау

18. Мұғалімнің оқушыға оқу материалын жеткізу қабілеті

- A) дидактикалық
- B) академиялық
- C) перцептивті
- D) ұйымдастырушылық
- E) коммуникативтік

19. Бала психикасы дамуының қозғаушы күші

- A) Білім, іскерлік және дағдылар
- B) Мотивациялық-қажеттіліктер
- C) Операциялық техникалық мүмкіндіктер
- D) Жаңарыстардың пайда болуы
- E) Тұқымқуалаушылық

20. Педагогикалық психология\_\_\_\_\_ зерттейді

- A) оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық негіздерін
- B) адамның мінез-құлқы мен психикасының тұқым қуалаушылық механизмдерін
- C) адамның түрлі өмір сүру кезеңдегі даму ерекшеліктерін
- D) адамдардың мінез-құлықтық және психологиялық айырмашылықтарын
- E) адамдармен өзара әрекетте және қарым-қатынаста пайда болатын құбылыстарды

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**География**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. АҚШ штаттарының саны

- A) 40
- B) 43
- C) 45
- D) 50
- E) 52

2. Қазіргі дүниежүзілік шаруашылықтың түпқазығын құрайтын үш ірі орталық

- A) ТМД елдері, Шығыс Еуропа, Қытай
- B) Солтүстік Америка, Қытай, Үндістан
- C) Еуропа, АҚШ, Жапония
- D) Латын Америкасы, АҚШ, Бразилия
- E) Солтүстік Америка, Африка, Ресей

3. Францияның аумағына енеді

- A) Сицилия аралы
- B) Корсика
- C) Сардиния аралы
- D) Кипр аралы
- E) Гренландия аралы

4. Мұнай өндіруде алғашқы үштік елдер

- A) Қытай, Иран, Ирак,
- B) Ресей, Қазақстан, Әзірбайжан
- C) Сауд Арабиясы, Ресей, АҚШ
- D) АҚШ, Мексика, Ливия
- E) Норвегия, Нигерия, Кувейт

5. Демографиялық дағдарыс үрдісі тән аумақ

- A) Африка
- B) Оңтүстік Азия
- C) Оңтүстік Америка
- D) Еуропа
- E) Оңтүстік-Батыс Азия

6. Жеке елдердің өнімнің белгілі бір түрлерін өндіруі және олармен айырбас жасауға мамандануы

- A) Ғылыми-техникалық революция
- B) Дүниежүзілік шаруашылық
- C) Халықаралық сауда-саттық
- D) Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі
- E) Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрылымы

7. Дүниежүзілік мұхит суларының ластануының ең басты себептері

- A) Теңіз кемелерінің пайдаланған лас судың толық тазартылмауы
- B) Ауыл шаруашылығына пайдаланылып, химиялық заттармен ластанған сулар
- C) Теңіз қайраңдарынан мұнай өндіру және мұнай тасымалдау
- D) Жағалаулардағы демалыс орындарынан шығатын қалдықтар
- E) Өнеркәсіпте пайдаланған лас судың толық тазартылмауы

8. Әлемдегі өндірілетін барлық электр қуатының 63%-ын береді

- A) Атом электр станциялары
- B) Су станциялары
- C) Жылу электр станциялары
- D) Желдің қуатын пайдаланатын электр станциялары
- E) Күннің қуатын пайдаланатын электр станциялары

9. Дүние жүзіндегі елдердің бір-бірімен экономикалық байланысқан ұлттық шаруашылық жүйесі

- A) Дүниежүзілік өнеркәсіп
- B) Дүниежүзілік шаруашылық
- C) Дүниежүзілік ауыл шаруашылығы
- D) Дүниежүзілік қаржы жүйесі
- E) Дүниежүзілік сауда-саттық

10. АҚШ-тың астанасы Вашингтон қаласы орналасқан

- A) Канзас штатында
- B) Колумбия округінде
- C) Вермонт штатында
- D) Нью-Джерси штатында
- E) Манхэттен аралында

11. НАТО мен Еуропалық Одақтың штаб-пәтерлері орналасқан қала

- A) Вена
- B) Копенгаген
- C) Брюссель
- D) Берлин
- E) Амстердам

12. АВЕ және «Тальго» жүрдек пойыздарын экспортқа шығарады

- A) Испания
- B) Германия
- C) Португалия
- D) Италия
- E) Грекия

13. Еуропа халқының саны

- A) 500 млн. астам
- B) 600 млн. жуық
- C) 700 млн. астам
- D) 900 млн. астам
- E) 1 млрд. жуық

14. Еуропаның ең «химияландырылған» (өнеркәсіпте) елі

- A) Германия
- B) Франция
- C) Швеция
- D) Италия
- E) Норвегия

15. АҚШ-тың ең ірі көлік торабы

- A) Нью-Йорк
- B) Чикаго
- C) Филадельфия
- D) Детройт
- E) Сан-Франциско

16. Әйгілі «Роллс-ройс» автомобиль зауыты орналасқан ел

- A) Ұлыбритания
- B) Италия
- C) Швеция
- D) Чехия
- E) Испания

17. Жан басына шаққанда азық-түлікпен қамтамасыз етілу жағдайы ең төмен аймақ

- A) Африканың Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан елдері
- B) Африканың Жерорта теңізі жағалауында орналасқан елдері
- C) Латын Америкасының Кариббасейн елдері
- D) Оңтүстік-Батыс Азияның Парсы шығанағында орналасқан елдері
- E) Аустралия және Тынық мұхиты аралдарының елдері

18. Ұлыбританияның кеме жасау орталығы

- A) Лондон
- B) Манчестер
- C) Бирмингем
- D) Глазго
- E) Ливерпуль

19. Туу және өлім көрсеткіштері жоғары аумақ

- A) Африка
- B) Шығыс Азия
- C) Солтүстік Америка
- D) Шығыс Еуропа
- E) ТМД елдері

20. Қазіргі әлемдегі халықтың жастық құрамындағы 15-59 жастағылардың үлесі

- A) 20%
- B) 30%
- C) 40%
- D) 60%
- E) 80%



*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

21. Әлемдік діндерге жатады

- A) Ислам
- B) Даосизм
- C) Христиандық
- D) Индуизм
- E) Буддизм
- F) Синтоизм
- G) Иудаизм
- H) Конфуцийлік

22. Бұрынғы КСРО құрамында болған Еуропа елдері

- A) Венгрия
- B) Литва
- C) Чехия
- D) Сербия
- E) Эстония
- F) Латвия
- G) Финляндия
- H) Болгария

23. Еуропада орналасқан «үлкен жетілік» елдер

- A) Ұлыбритания
- B) Испания
- C) Польша
- D) Италия
- E) Франция
- F) Швейцария
- G) Швеция
- H) Канада

24. Ет өндіруде көшбасшы елдер

- A) Германия
- B) Қытай
- C) Моңғолия
- D) АҚШ
- E) Украина
- F) Қазақстан
- G) Бразилия
- H) Аустралия

25. Латын Америкасында Анд елдеріне жатады

- A) Мексика
- B) Бразилия
- C) Колумбия
- D) Уругвай
- E) Боливия
- F) Куба
- G) Перу
- H) Никарагуа

26. Шығу тегі белгісіз оқшау тілдерге жатады

- A) Испан
- B) Жапон
- C) Корей
- D) Ағылшын
- E) Қазақ
- F) Араб
- G) Қытай

27. Туристерді қабылдаудан көшбасшы елдер

- A) Франция
- B) Ұлыбритания
- C) Италия
- D) Канада
- E) Жапония
- F) Сауд Арабиясы
- G) Біріккен Араб Әмірлігі
- H) Испания

28. Негізгі темір кенін экспорттаушы елдер

- A) Аргентина
- B) Иран
- C) Ирак
- D) Бразилия
- E) Аустралия
- F) Қазақстан
- G) Түркия
- H) Үндістан

29. Азот тыңайтқыштарын өндіруде көшбасшы елдер

- A) Қытай
- B) Индонезия
- C) Марокко
- D) Германия
- E) АҚШ
- F) Польша
- G) Үндістан
- H) Корея Республикасы

30. Түркияның ең ірі айлақты (портты) қалалары

- A) Бурса
- B) Стамбул
- C) Мумбай
- D) Карачи
- E) Александрия
- F) Мерсин
- G) Измир
- H) Анкара

**Жазғаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Америка Құрама Штаттары**

XX ғасырда америкалық өмір салты мен мәдениеті басқа елдер халқына да өз әсерін тигізе бастады. Америкалық жазушылардың Д. Лондон, У. Фолкнер, Э. Хемингуэй, Т. Драйзер, М. Твен және т.б. көркем шығармаларын бүкіл дүниежүзі сүйіп оқиды. Америкада тұратын африкалықтардың ұрпақтары бүкіл әлемге әуезді блюз бен джаз музыкасын таратты. Қазіргі кезде дүниежүзінде кеңінен тараған джинсы киімдері мен кока-кола сусынының да отаны – АҚШ. Америкалық өмір салтын насихаттауда әйгілі Голливуд кинофильмдерінің маңызы ерекше болды.

31. Аса ірі «Кока-Кола» фирмасы орналасқан қала

- A) Нью-Йорк
- B) Сан-Франциско
- C) Чикаго
- D) Лос-Анжелес
- E) Атланта

32. Америкада нәсілдік топтардың ұзақ араласуынан қалыптасқан жаңа этностық топтар

- A) Малагасийлер, эфиоптар
- B) Метистер, мулаттар, самболар
- C) Африканерлер, бурлар, атабаскилер, фульбелер
- D) Креолдар, аборигендер, афроамерикалықтар
- E) Эскимостар, үндістер, полинезиялықтар

33. АҚШ-тың астанасы Вашингтон қаласы орналасқан

- A) Канзас штатында
- B) Колумбия округінде
- C) Вермонт штатында
- D) Нью-Джерси штатында
- E) Манхэттен аралында

34. АҚШ-тың «экономикалық астанасы» болып саналады

- A) Нью-Йорк
- B) Хьюстон
- C) Чикаго
- D) Детройт
- E) Бостон

35. «Кино фабрикасы» атанған Голливуд қай қала маңында орналасқан

- A) Нью-Йорк
- B) Сан-Франциско
- C) Чикаго
- D) Лос-Анжелес
- E) Бостон

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Аралдың экологиялық проблемасы**

Бұл проблеманың тууына себепші болған - адам әрекеті. Ұзақ жылдар бойы Аралға құятын ірі өзендер суын теңізге жеткізбей, түгелдей дерлік егістіктерді (мақта, күріш) суландыруға пайдаланылып келді. Буланушылық дәрежесі жоғары болатын шөл зонасында орналасқан теңіз суының көбірек булануы оның тартылуына әкеп соқты. Қазіргі кезде Арал теңізі екі су айдынына үлкен және Кіші теңізге бөлінген. Арал теңізіндегі суы тартылған бөліктің ауданы 30 мың км<sup>2</sup> жетеді. Ғалымдардың есептеуі бойынша, теңіз табанынан атмосфераға жылына 200 млн тоннаға дейін тұзды шаң-тозаң ұшады. Теңіз суының шегінуінен оның жағалауындағы 800 гектар тоғай, жануарлар дүниесі жойылып, теңіз айналасы бұл күнде тіршілігі жоқ құмды, сортаң жарамсыз жерлерге айналды. Ғалымдар Аралдан ұшқан тұзды дауылдың бір ұшы Гренландия мұздықтары мен Норвегияның орманды алқабына да жеткенін дәлелдеген. Еліміздің көлемді атқарып жатқан іс-шараларының алды, аймақтың және жергілікті жердің экологиялық жағдайын көтеру. Бүгінгі күні Солтүстік Арал маңына халықтар қайта қоныстанып, үй салып, балық шаруашылығымен қайта айналыса бастады.

36. Арал теңізінің қазір түбекке айналған аралында орналасқан қорық

- A) Ақсу-Жабағылы
- B) Наурзым
- C) Барсакелмес
- D) Үстірт
- E) Қорғалжын

37. Қазақстан аумағындағы Аралдың негізгі бөлігі орналасқан облыс

- A) Атырау
- B) Қызылорда
- C) Маңғыстау
- D) Қарағанды
- E) Оңтүстік Қазақстан

38. Қазақстан аумағында Арал теңізіне құятын ірі өзен

- A) Іле
- B) Тобыл
- C) Ертіс
- D) Сырдария
- E) Жайық

39. Арал теңізі орналасқан жазық

- A) Каспий маңы ойпаты
- B) Солтүстік Қазақ жазығы
- C) Тұран жазығы
- D) Сарыарқа
- E) Шығыс Еуропа жазығы

40. Арал теңізі аумағын бөлісетін елдер

- A) Қазақстан мен Өзбекстан
- B) Қазақстан мен Түркменстан
- C) Қазақстан мен Тәжікстан
- D) Өзбекстан мен Түркменстан
- E) Қазақстан мен Қырғызстан

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***